



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 сәуір N 508

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .
2. Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы және

Грузиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Рашит Тұрарұлы Ыбыраевқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан, оған Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіліп, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба
N 1 дана

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы
үкіметтік байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы қазіргі достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайтуға деген ұмтылысты басшылыққа ала отырып,

Тараптардың халықаралық үкіметтік байланысты сақтауға және дамытуға мүдделіліктерін ескере отырып,

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында жасалған екі жақты шарттарды, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын көп жақты халықаралық шарттарды басшылыққа ала отырып, өзара сенімді нығайтуға деген ұмтылысты негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Осы Келісімде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"Құзыретті ұйымдар" - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Әзірбайжан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік министрлігі;

"үкіметтік байланыс" - мемлекеттік басқару қажеттеріне арналған арнайы байланыс;

"халықаралық үкіметтік байланыс" - Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының үкіметтік байланыс абоненттері арасында ақпарат алмасуға арналған үкіметтік байланыс жүйесі;

"шифрлау құралдары" - ақпаратты өңдеу, сақтау және байланыс арналары бойынша беру кезінде оны қорғау, оның ішінде рұқсатсыз енуден, жалған ақпаратты таңудан, негізгі құжаттарды дайындау құралдарын, қол шифрларын, шартты белгіленген құжаттарды қорғау үшін арналған ақпаратты өзгертуші криптографиялық алгоритмдерді іске асырушы аппараттық, бағдарламалық-аппараттық және бағдарламалық құралдар.

2 - б а п

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының үкіметтік байланыс абоненттері арасында жасырын ақпарат алмасуға арналған тұрақты жұмыс істейтін халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыра алады.

Халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыру техникалық пайдалану және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу кезінде Тараптардың бірдей қызығары бар.

Халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыру техникалық пайдалану, оның қауіпсіздігі мен үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелерін Құзыретті ұйымдар шешеді.

3 - б а п

Бір Тарап мемлекетінің жоғары лауазымды адамдары екінші Тарап мемлекетінің аумағында уақытша болуы кезінде олар үшін үкіметтік байланыс Құзыретті ұйымдар келіскен көлемде және тәртіпте беріледі.

Байланыс арналары мен абоненттік желілерді ұйымдастыру, бұл үшін қажетті үкіметтік байланыс құралдарын құрастыруды қоса алғанда, мүдделі Тарап есебінен жүзеге асырылады.

4 - б а п

Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекетінің лауазымды адамдары үшін үкіметтік байланысты өз мемлекетінің аумағындағы қолданыстағы заңнамаға және халықаралық келісімдерге сәйкес өзара уағдаластық бойынша береді.

Үкіметтік байланысты бергені үшін ақы төлеуді мүдделі Тараптың Құзыретті ұйымы жүзеге асырады.

5 - б а п

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы халықаралық үкіметтік байланысты құру, іске қосу, техникалық пайдалану және одан әрі жетілдіру бойынша шығындарды әрбір мемлекеттің аумағы шегінде Тараптардың әрқайсысы дербес төлейді.

6 - б а п

Тараптар өз Құзыретті ұйымдарына:

Құзыретті ұйымдар келіскен жеке құжаттармен айқындалған тәртіпте сәйкес халықаралық үкіметтік байланыс үшін байланыстың жаңа жүйелері мен байланыс құралдарын әзірлеу және өндіру саласында ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді;

үкіметтік байланыс құралдарын өндіру саласында өзара іс-қимыл жасауды; ақпаратты криптографиялық қорғау және техникалық арналар арқылы сыртқа таралудан қорғау саласындағы мәселелерді шешу бойынша өзара іс-қимыл жасауды;

Құзыретті ұйымдардың кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыруды;

екінші Тараптың тиісті кәсіпорындарында өзара келісілген шарттарда, өздерінің өкілдері арқылы шифрлаушы құралдарды, арнайы байланыс техникасын, құралдарын, жинақтаушы бұйымдар мен қосалқы бөлшектерді жасауға және жеткізіп беруге, сондай-ақ кепілді пайдалануды қамтамасыз етуге бақылау жасауды жүзеге асыруды

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы халықаралық үкіметтік байланысты ұйымдастыру және пайдалану үшін қажетті шифрлау құралдарын, арнайы байланыс техникасы мен құралдарын, жинақтаушы бұйымдарды және қосалқы бөлшектерді Тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамасына және экспортқа бақылау жасау рәсіміне сәйкес әрі тараптардың халықаралық міндеттемелерін сақтай отырып, келісілген көлемде өзара жеткізіп беруді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында шифрлау құралдарын, байланыс техникасы мен құралдарын, жинақтаушы бұйымдар мен қосалқы бөлшектерді өзара жеткізіп беру, сондай-ақ жөндеуді ұйымдастыру мен арнаулы мақсаттағы қызмет көрсетуді ұсыну Құзыретті ұйымдар арасында

жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Тараптар өз Құзыретті ұйымдарына осы Келісімнен туындайтын мәселелерді шешу мақсатында келіссөздер жүргізуге уәкілеттік береді.

Құзыретті ұйымдардың осы Келісімнен туындайтын мәселелерді іске асыру бойынша өзара іс-қимылы кезінде жұмыс тілі - орыс тілі болып табылады.

10-бап

Тараптар өзара келіскен ретте осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған

жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар арқылы шешеді. Осы Келісімнің ережелері екі Тарап та қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық келісімдерден туындайтын Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды және басқа мемлекеттердің мүдделеріне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына қарсы б а ғ ы т т а л м а ғ а н .

1 2 - б а п

Осы Келісім Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы тиісті кезеңнің аяқталуына кемінде алты ай қалғанға дейін екінші Тарапты өзінің осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы хабардар етпесе, келесі бес жыл мерзімге өздігінен ұзартылады. Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша не бір жақты тәртіпте бұзылуы мүмкін, бұл ретте Келісім күші

Тараптардың бірі екінші Тараптың өзінің Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылады.

_____ қаласында 2001 жылы " ____ " _____ әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасы
Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.